Қосүйеңкі ауылдық округі жергілікті қоғамдастығы мүшелерінің жиналысының
ХАТТАМАСЫ

Қосүйеңкі ауылы **№8** **25 шілде 2025 жыл.**

Өткізілген орны Қосүйеңкі ауылдық округінің әкімі аппараты КММ ғимараты.
Жиналыс төрағасы: А.Бакиров
Жиналыс хатшысы: Е.Пейізов
Қатысқандар: Ауыл әкімі, жергілікті қоғамдастық мүшелері, ауыл тұрғындары.

Күн тәртібінде:

1. Қосүйеңкі ауылдық округі әкімі аппараты» КММ- Қосүйеңкі ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарына -Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздер тәсілі арқылы сатып алу туралы.

Тыңдалды:

Ауыл әкімі А.Ахтаев «Қосүйеңкі ауылдық округі әкімі аппараты» КММ-Қосүйеңкі ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу Заңының «16-бап 3-тармақ 28-тармақша егер біртекті тауарлардың құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларды, егер біртекті жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің құндық мәндегі жылдық көлемі айлық есептік көрсеткіштің бес жүз еселенген мөлшерінен аспаса, осындай жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді, ал аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса, сатып алу» заңдылығын пайдаланып келісім шартқа отыру жөнінде ұсынысын айтып, қоғамдастықтан сұрады.

Шығып сөйлеп өз ойларын айтқан қоғамдастық мүшелері Н.Ильясов пен Е.Кемелбеков бухгалтерлік есептіліктер мен бағдарламалар әкімшілік мекеменің негізгі қаржы айналымының негізі екендігін айтып, заңдылыққа сәйкес болса қарсы еместіктерін білдірді.

Қоғамдастық жиналысы ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Қосүйеңкі ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратына ағымдағы жөндеу жұмыстарын-Тікелей шарт тұжырымы бір дереккөздер тәсілі арқылы сатып алу арқылы келісім шартқа отырылсын.

Жиналыс төрағасы: **А.Бакиров**

Жиналыс хатшысы: **Е.Пейізов**